

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 485 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қыркүйектегі N 844 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджеттен қаражат алатын білім беру ұйымдарында кәсіптік орта білімді, кәсіптік жоғары білімді, жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға 2006/2007 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 485 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж., N 20, 198-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаражат алатын білім беру ұйымдарында кәсіптік орта білімді мамандар даярлауға 2006/2007 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

"Білім беру ұйымдарын бюджеттен қаржыландыру арқылы ұстау" деген бөлімде:

"Өнер мекемелерінің 2 сатысы" деген тарауда:

3 - б а ғ а н д а :

0606002 кодында "10" деген сандар "5" деген санмен ауыстырылсын;

0607002 кодында "10" деген сандар "5" деген санмен ауыстырылсын;

0640002 кодында "10" деген сандар "20" деген сандармен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға 2006/2007 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

"Қазақстан-Британ	200	158,1	316,3
-------------------	-----	-------	-------

техникалық	универ-
ситетінде	студент-

терді оқытуға";

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Тәжікстан	91	х	х
------------	----	---	---

Республикасы	
азаматтарының	ішінен
студенттерді	оқытуға

Қырғыз Республикасы	34	х	х
---------------------	----	---	---

азаматтарының	ішінен
---------------	--------

студенттерді оқытуға";

3 - б а ғ а н д а :
"Жоғары оқу 1825 40,9 132,58
орындарының дайындық
бөлімдерінде тыңдау -
шыларды оқытуға "

деген жолда "1825" деген сандар "1700" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК